

Мемлекет басшысының қатысуымен өтетін
Үкіметтің кеңейтілген отырысындағы
Ұлттық Банк Төрағасы
Т. Сүлейменовтің баяндамасы
2025 жыл, 28 қаңтар

Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы!

2024 жылы әлемде күрделі **геосаяси жағдайдың** сақталуы шикізат бағасына, қаржы және валюта нарығына айтарлықтай ықпал етті. Бұл жағдайда әлемдік экономика **3,2%-ке** өсті.

Қазақстанға келетін болсақ, экономикамыздың дамуына әлемдегі **мұнайдың төменірек бағасы** және **мұнай өндірісінің** азайған көлемі әсер етті. Дегенмен, еліміздің экономикасы оң динамиканы көрсетіп, **4,8%-ке** өсті.

Өткен жылы Ұлттық Банк жүргізіп отырған **ұстамды қатаң** ақша-кредит саясаты мен Үкімет қабылдаған шаралардың нәтижесінде инфляция 2023 жылғы ең жоғары көрсеткіштен **2,5 есе** төмендеді. Өткен жылы инфляция **8,6%-ті** құрады.

Азық-түлік тауарлар инфляциясы **5,5%-ті**, ал **азық-түлікке жатпайтын тауарлар** инфляциясы **8,3%-ті** құрады. Бұл жалпы инфляция көрсеткішін **төмендетуге** әсер етті. Ал негізгі **проинфляциялық үлесті** қосқан – реттелетін және нарықтық қызметтер бағасы.

Нарықтық қызметтер 11,5%-ке қымбаттады. **Коммуналдық тарифтер** орта есеппен **21,1%-ке** өсті. Бұл «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасына байланысты екені түсінікті.

Дегенмен, бағдарлама іске қосылғалы тұрғын үй коммуналдық шаруашылық секторына **600 млрд** теңгеден астам инвестиция салынды. Коммуналдық тарифтердің инфляцияға **нақты** қосқан үлесі, **болжамды** көрсеткіштен төменірек қалыптасып, **1,1 процентті** құрады.

Сіздің тапсырмаңыз бойынша, экономикалық өсім мен макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін Үкіметпен бірлесіп жұмыс істеп жатырмыз. Ақша-кредит және фискалдық саясат арасындағы **теңгерімсіздікті жою** бағытында нақты шаралар кешені әзірленіп жатыр.

Өткен жылы **валюта нарығына** доллардың жаһандық нығаюы, геосаяси шиеленістің сақталуы, негізгі экспорттық позицияларға бағалардың құбылмалылығы әсер етті.

Ел ішінде **валютаға сұраныс** артты. Әсіресе қаражаттың шамадан тыс ағыны ықпал етті. Қазақстан қор биржасында доллар бойынша сауда-саттық көлемі **50%-ке жуық** өсті.

Валютаның шектеулі ұсынысы жағдайында теңге бағамы **15,5%-ке** төмендеді.

Нарықта **тепе-теңдікті** қамтамасыз ету үшін Ұлттық Банк **бірқатар шара** қабылдады:

1. Алтын сатып алу операциялары бойынша **монетарлық бейтараптықты** қамтамасыз ету. Бұл – маңызды шара. Ол теңге эмиссиясын шамамен **3 трлн** теңгеге қысқартып, шетел валютасының ұсынысын жылына **5,5 – 6 млрд** долларға ұлғайтады.

2. Үкіметпен бірлесіп квазимемлекеттік сектордың валюталық түсімінің жартысын **міндетті түрде сату** нормасы жаңартылды.

3. Теңге бағамының шамадан тыс ауытқуларын азайту үшін валюталық **интервенциялар** жүргізілді.

4. Валюталық операциялардың негізділігін бақылау мақсатында **12** банк пен қаржы ұйымдары тексерілді.

5. Валюталық операциялардың **комплаенсі мен мониторингі** күшейтілді.

6. **Айырбастау пунктерінде спредті реттеуді** қайтарып жатырмыз.

7. Екінші деңгейлі банктердің валюталық операциялар бойынша **есептілік мерзімін** қысқарттық.

Қабылданған іс-шаралар нәтижесінде валютаға шектен тыс және ажитоажды сұраныс азайды. Сыртқы ортада және ел ішінде күтпеген өзгерістер орын алмаса, теңге бағамы **жаңа фундаменталды деңгейін** тапты деп есептейміз.

Алтын-валюта резервтері бойынша. Жоғары жаһандық құбылмалылыққа және сыртқы борыш бойынша үлкен сомалардың өтелуіне қарамастан олардың көлемі **27,4%-ке** артты.

Алтын-валюта резервтері тарихи максимум – **45,8 млрд долларға** жетті. Халықаралық тәжірибеге сәйкес, алтын-валюта резервтерінің көлемі импорттың 3-6 айын жабу үшін жеткілікті болуы керек. Бізде **7,4 айын** қаржыландыруға жеткілікті.

Бұл әлемдік тұрақсыздық кезінде маңызды деп санаймыз.

Ұлттық қорға қатысты.

Қалыптасқан фискалдық жағдайда Үкімет Ұлттық қордан қаражат алу көлемін **6,3 трлн теңгеге** дейін өсіруге мәжбүр болды.

Ол қаражаттың **5,6 трлн теңгесін тікелей трансферттер** құраса, **467 млрд теңгесіне** акциялар сатып алынды. Инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру үшін **238 млрд теңгеге** квазимемлекеттік сектордың облигациялары сатып алынды.

Сонымен қатар, активтердің **теңгерімді аллокациясына** көшкеніміздің арқасында инвестициялық кірісті жылына **4,5 млрд долларға** немесе **7,5%-ке** арттырдық. Бұл орташа тарихи кірістіліктен **2 есе** жоғары.

Ұлттық қордағы валюталық активтердің жалпы көлемі **\$58,8 млрд** құрады.

Ұлттық қорды басқарушы ретінде біз Үкіметпен бірлесіп қаражатты Қазақстандағы жобаларға инвестициялаудың **оңтайлы тәсілін** таптық.

Осыдан ондаған жылдар бұрын Ұлттық қордың қаражатына облигациялар ұзақ мерзімге және нарықтық емес мөлшерлемелер бойынша сатып алынғанын білеміз. Бұл Ұлттық қор қаражатының тікелей және қомақты **шығынына** алып келді.

Ал қазір қарыз алу шарты **нарықтық шарттарға жақын**. Бұл болашақ ұрпаққа арналған қордың мүддесі мен стратегиялық жобаларды іске асыру маңыздылығы арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етеді.

Одан басқа қаржылық тәртіп пен экономикалық қайтарымның жоғары болуын қамтамасыз ету үшін Үкіметпен бірлесіп Ұлттық қордан қаржыландырылатын жобаларды бағалау тиімділігін арттырудың **жаңа тетігін** әзірледік.

Қаржы секторымен **қоса қаржыландыру** да көзделіп отыр. Бұл тәсіл Ұлттық қорға қысымды төмендетсе, екінші жағынан – нарықтық өтімділікті іске қосады.

Сіздің ел ішінде Ұлттық қор қаражатын тиімді пайдалану тапсырмаңыз бойынша экономиканың алдыңғы қатарлы секторларында стартаптарды қаржыландыру үшін **Инвестициялық бағдарлама** әзірленуде.

Бұл бағдарламаның басқа стратегиялық жобалардан айырмашылығы – басым түрде **жаңа экономика** салаларындағы шағын **стартап жобаларды** қаржыландырады.

Бастапқы кезде ол Ұлттық қордың **балама инвестициялар портфелі** арқылы қаржыландырылатын болады. Жобаларды құрылымдау үшін **Астана халықаралық қаржы орталығының** инфрақұрылымын да пайдалана отырып жүргіземіз.

Бағдарлама жобаларға қосымша инвестиция тартуға, жеке капитал нарықтарын дамытуға, қаржылық сараптама мен

технологиялар трансфертіне, орталықтың мүмкіндіктерін кеңірек ашуға көмектеседі.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының активтері бір жылда **25,9%-ға 22,4 трлн** теңгеге дейін ұлғайды.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының **инвестициялық кірісі** бір жылда **екі есе** өсіп, **3,4 трлн** теңге болды. **Кірістілік 17,8%-ті** құрап, **8,6%** деңгейіндегі инфляциядан екі есе асты.

Банк секторы тұрақты түрде өсіп келеді және орнықтылығы жоғары. Екінші деңгейлі банктердің активтері **61,6 трлн** теңгеге дейін өсті.

Жалпы жүйе бойынша нақты қалыптасқан капитал қажетті деңгейден **2 есе** жоғары. Қарыздардың **сапасы** да жоғары болып қалуда, яғни жұмыс істемейтін қарыздардың үлесі **корпоративтік портфельде – 2,1%-ті** және **бөлшек портфельде – 3,8%-ті** құрады.

Депозиттер **максималды** деңгейге, яғни **41,3 трлн** теңгеге жетті. Депозиттердің **долларлану** деңгейі **22,5%-ке** дейін төмендеді.

Қаржы ұйымдарының бизнеске берілген кредиттері **18,8 трлн** теңгеге дейін **20,6%-ке** өсті.

Жүйелі шаралар бөлігінде кредит беруді кеңейту жөніндегі Сіздің **Жарлығыңыз** жоспарлы түрде іске асырылып жатыр. Кредиттеуді ынталандыру үшін Ұлттық Банк **ноттарына салық салу** енгізілді.

Синдикатталған кредиттеу және қоса қаржыландыру

шарттары жақсарып келеді. Кепіл тетігі мен банкроттық рәсімінің тиімділігін арттыру жұмыстары да жүріп жатыр.

Банктер мен кредиттік бюролардың мемлекеттік деректер қорымен **интеграциясы** жүргізілуде. Бұл банктік қызметтерді белсенді түрде **цифрландыруға**, кредиттік тәуекелді бағалау сапасын арттыруға алып келеді.

2024 жылы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі бизнеске кредит беруді ынталандыру жөніндегі **іс-қимыл жоспарын** қабылдады.

Банк жүйесіне **жаңа капитал** тарту жұмысы жүргізіліп жатыр. Ол үшін шетелдік қаржы институттарының еншілес компаниялары мен филиалдарын ашу шарттарын **заңнамалық** тұрғыдан жеңілдету жолдары қарастырылуда.

Отандық экономиканы қаржыландыру үшін Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық мүмкіндіктерін пайдалану аясында **2024-2025 жылдарға 2 трлн** теңге мөлшерінде лимит белгіленді.

Өткен жылы «Бәйтеректің» облигациялары арқылы ұлттық экономикаға **386 млрд** теңге инвестицияланды. Оның **173 млрд** теңгесі көлік инфрақұрылымын қаржыландыруға, ал **213 млрд** теңгесі **Агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне** бағытталды.

Энергетика саласындағы жобалар өз кезегін күтуде. Үкімет тиісті шешім қабылдағаннан кейін қаржыландыруға дайынбыз.

Халыққа берілетін кредиттер өсіп келеді. Оның өсімі

24,4% құрады. Оның ішінде **тұтынушылық кредиттер 34,5%-ке** өсті.

Халықтың шамадан тыс берешегін болдырмау үшін қаржы реттеушілерінің, Үкімет пен Парламенттің **ортақ бастамасымен** заң қабылданды. **Мерзімі өткен берешегі бар** азаматтарға кредит беруге тыйым салынды. Қарыздарды коллекторларға беруге **екі жылдық мораторий** енгізілді. **Тұтынушылық қарыздардың ең жоғары сомасы** белгіленді. Қарыз алушының борышын шектейтін жаңа норматив енгізілді.

Дегенмен, тұтынушылық кредиттеудің қарқыны **әлі де жоғары**. Нарықтың дамуын және халықтың кредиттік жүктемесінің өсуін қосымша реттеген жөн деп санаймыз. Осыған орай биыл Қаржы нарығын реттеу агенттігімен бірлесіп жеке тұлғаларды кредиттеу сегментінде **капиталдың контрциклдік буферін** қолдану мәселесін және басқа да шараларды әзірлейміз.

Ұлттық төлем жүйесі қарқынды дамып келеді. Ұлттық Банктің төлем жүйелері өңдеген төлемдер көлемі **52%-ке** өсіп, **күніне 5,9 трлн теңгені** құрады. Жүйелердің **үздіксіз жұмыс істеу** көрсеткіші **99,96%** болды.

Соңғы 5 жылда халықтың қолма-қол ақшасыз операцияларының көлемі **5 есе** өсті.

Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымы іске қосылды. Төлем карточкаларымен жасалатын операциялар бойынша банкаралық комиссия мөлшерлемелері **2 есе** төмендетілді.

Қаржы саласындағы **инновацияларды** дамыту мақсатында **цифрлық қаржы активтерінің** айналымы үшін теңгерімді **реттеуші ортаны** құру және **криптоактивтердің** реттелетін айналымын кеңейту бойынша тәсілдер Сіздің қарауыңызға ұсынылды.

Бұл азаматтардың мүддесін қорғауды қамтамасыз етіп, **инвестицияларды тартуға, қаржылық ағындарды бақылауды** сақтауға, қаржы нарығында цифрландыру бойынша **өңірлік көшбасшылықты** сақтауға мүмкіндік береді.

Цифрлық теңгені пайдалану аясы кеңейтіліп жатыр.

Сіздің тапсырмаңыз бойынша Үкіметпен және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігімен бірлесіп қаражатты жеткізудің жолдары бойынша оның жұмсалыу барысын қадағалау үшін цифрлық теңгені **таңбалау тетігі** әзірленді.

Мынадай бағыттар бойынша пилоттық жобалар іске қосылды:

1. Автомобиль жолын салу;
2. Фермерлерге мал сатып алу үшін кредит беру;
3. Ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуды субсидиялау.

Облигациялық қарыздар аясында **Ұлттық қордан** бөлінетін қаражатты қадағалау жобасы іске қосылды. Бұл жобалар 100% цифрлық теңгеде іске асырылады.

Қаржы министрлігімен бірлесіп **«Цифрлық қосылған құн салығы»** пилоттық жобасы жасалды.

Құқық қорғау органдарымен және қаржы ұйымдарымен бірлесіп Ұлттық **Антифрод-орталықты** іске қостық. Ол халықты **интернет-алаяқтықтан** қорғауға бағытталған.

6 ай ішінде **шамамен 1,5 миллиард теңге** дер кезінде бұғатталды. **17,5 мың инцидент** анықталды. Ішкі істер министрлігі **шамамен 11 мың қылмыстық іс қозғады**.

Ұлттық Банктің филиалдары елді, әсіресе, өңірлерде жоғары сұранысқа ие, **қолма-қол ақшамен** жоспарлы түрде қамтамасыз етіп отыр.

Қазақстан теңге сарайы дайындаған **монеталар** Тәжікстанның, Қырғызстанның және Беларусь елінің орталық банктеріне **экспортталды**. 2025 жылы 200 млн дана **банкнотаны** алыс шетел елдерге **экспорттауға** келісімшарт жасалды.

«Сақ стилі» деп аталатын жаңа сериялы банкноталар толық айналымға шығарылды.

* * *

Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы!

Ұлттық Банк осы жылы Сіздің тапсырмаларыңызды іске асыру аясында келесі шаралар қабылдайтын болады:

1) Ортамерзімді кезеңде **5%-тік** таргетке жету үшін теңгерімді **ақша-кредит саясатын** жүргізуді жалғастырамыз. Инфляцияны тұрақтандыру халықтың әл-ауқатын сақтауға жағдай жасайтыны түсінікті. Ал **бизнес үшін** төмен инфляция

инвестициялық жағдайға оң әсер етеді және нарықтағы ставкаларды түсіруге, макроэкономикалық теңдікті арттыруға мүмкіндік береді.

2) Нарықтағы ақша профицитін басқару тиімділігін арттыру үшін банктерге тиесілі минималдық **резервтік талаптар** белсенді түрде қолданылады.

3) Айырбас бағамының және **инвестициялық тартымды** валюталық режимді сақтай отырып, валюта нарығының **теңгерімділігін** қамтамасыз етуге күш саламыз.

4) Елдің резервтері мен қорларын тиімді басқару ісін жалғастырамыз. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен Ұлттық қорды басқару жүйесін жетілдіреміз. **Табысы жоғары активтердің** үлесін арттырып, инвестицияларымызды өртараптандыру бағытындағы жұмыстарды жалғастырамыз.

5) Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп **қаржылық тұрақтылықты** қамтамасыз етеміз.

6) Нақты секторды қаржыландыру үшін зейнетақы қоры мен Ұлттық қордың қаражатын тиімді әрі теңгерімді пайдалану мақсатында **энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды жаңартуды** қаржыландыруға қорлардың қаражатымен қоса екінші деңгейлі банктіктердің қаражаты тартылуын қамтамасыз ету жолындағы жұмыс басталады.

7) **Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымына** банк жүйесін қатыстыра отырып, оны әрі қарай дамытамыз. Оның құқықтық мәртебесін де заңнамалық тұрғыдан бекітіп, Цифрлық теңге жобасының қолдану ауқымын кеңейтеміз.

8) **Цифрлық қаржы активтері** инфрақұрылымының негізгі бағыттары, смарт-келісімшарттарды токенизация және қаржылық қызметтерді цифрландыру жаңа **Банктер туралы заң** аясында көрініс табады.

Цифрлық теңге негізінде өзіміздің **стейблкоинді** құру мәселесін қарастырамыз.

Өртараптандырылған нарықтық экономиканы қалыптастыру, макроэкономикалық тұрақтылықты және халықтың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін, Сіз алға қойған мақсаттарымызға жету жолында Үкіметпен бірлесіп тиімді жұмыс жүргізуді жалғастырамыз.

Назарларыңызға рақмет!